

Мемлекеттік білім мекемелерінің ақылы білім беру қызметін көрсетуінің тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1999 жылғы 22 қыркүйек N 1438. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 20 шілдедегі N 1102 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.07.20. N 1102 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулысымен.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік білім мекемелерінің ақылы білім беру қызметін көрсетуінің тәртібі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
1999 жылғы 22 қыркүйектегі
N 1433 қаулысымен
бекітілген

1. Мемлекеттік білім мекемелерінің ақылы білім беру қызметін көрсетуінің тәртібі

1. Осы Тәртіп "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.

2. Ақылы білім беру қызметін көрсетулерге:

1) қосымша білім беру бағдарламасы бойынша қызмет көрсетулер;
2) пәндердің арнаулы курстары мен циклдарын қосымша оқыту жөніндегі қызмет көрсетулер;

3) репетиторлық (жекелеген оқушылармен жеке түрде оқу жоспары бойынша сағаттардың санынан тыс пәндер бойынша қосымша сабақтар өткізу) жөніндегі қызмет көрсетулер;

4) оқушыларға пәндерді қосымша тереңдетіп оқыту (мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарының тиісті білім беру бағдарламаларының шеңберінен тыс) жөніндегі қызмет көрсетулер;

5) балалардың денсаулығын қорғауға және нығайтуға бағытталған қосымша дене тәрбиесі-сауықтыру бағдарламалары бойынша қызмет көрсетулер;

- 6) жазғы демалысты ұйымдастыру жөніндегі қызмет көрсетулер;
- 7) үйірмелік қызметті ұйымдастыру (базистік оқу жоспарының шеңберінен тыс) бойынша қызмет көрсетулер;
- 8) спорттық-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру, төрешілік ету, оқушылардың арасындағы спорттық іс-шараларға қатысушыларды тамақтандыру жөніндегі қызмет көрсетулер және медициналық қызмет көрсетулер;
- 9) өзге де ақылы қызмет көрсетулер (музыкалық аспаптарды пайдаланғаны үшін; мемлекеттік білім беру мекемелерінің энергия қондырғылары мен қазандықтары беретін жылу энергиясын босату; оқу-көмекші және қосалқы шаруашылықтардың өндірістік қызметі; оқу-тәжірибе учаскелерінің өнімдерін оқу-әдістемелік әдебиетті сатудан алынатын қаражат; тәрбиеленушілердің оқу-өндірістік шеберханалардағы, қосалқы шаруашылықтардағы, кәсіпорындар мен басқа да ұйымдардағы жұмысы үшін алынатын қаражат; мектептер мен мектеп-интернаттарының білім алушылардың тамақтануы үшін ата-аналардан алатын қаражаты; мемлекеттік білім беру мекемелерінің қарамағындағы асханалар ұсынған тамақтану үшін білім алушылардан түсетін төлем; білім алушылардың жұмысы үшін мемлекеттік білім беру мекемелері кәсіпорындардан алатын қаражат; мектеп жанындағы күндізгі лагерьлерде балалардың болғаны үшін ата-аналардан мектептер алатын қаражат сату) жатады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.09.22. N 1438 , 2002.08.15. N 905 , 2005.09.29. N 964 қаулыларымен.

2-1. Кәсіптік бастауыш мемлекеттік білім мекемелерінің ақылы білім беру қызметтерін көрсетуге кәсіптік бастауыш білімді мамандарды қайта даярлау жөніндегі қызметтер көрсету де жатады.

2-2. Кәсіптік жоғары мемлекеттік білім мекемелерінің ақылы білім беру қызметтерін көрсетуге мыналар да жатады:

1) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің, Қазақстан Республикасы Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігінің (қаржы полициясы) жоғары оқу орындары көрсететін қызметтерді қоспағанда, кәсіптік жоғары білімді мамандарды даярлау жөніндегі қызметтер көрсету;

2) мәдениет және өнер саласындағы жоғары оқу орындары мен колледждер оқытушыларының біліктілігін арттыру жөніндегі қызметтер көрсету.

Ескерту. 2-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2002.08.15. N 905 , өзгерту енгізілді - 2004.09.06. N 936 қаулыларымен.

2-3. (2-3-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.12.31. N 1306 қаулысымен).

3. Ақылы білім беру қызметтерін көрсету мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде қаржыландырылатын негізгі білім беру қызметінің орнына көрсетіледі.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.08.15. N 905 қаулысымен.

4. Ақылы білім беру қызмет көрсетулері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының негізінде әзірленген және Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы белгілеген тәртіппен мемлекеттік білім беру органдарымен (аудандық, қалалық және облыстық) келісілген жұмыстық оқу жоспарлары (бағдарламалары) бойынша ұсынылады.

5. Білім алушыларға және (немесе) тәрбиеленушілерге ақылы білім беру қызмет көрсетулері ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің тілегі бойынша мемлекеттік білім беру мекемесі мен ата-аналардың немесе білім алушының және (немесе) тәрбиеленушінің өзге де заңды өкілдерінің арасында жасалатын шарттың негізінде жеке кесте бойынша ұсынылады.

Ақылы білім беру қызметтерін көрсету мәселелері бойынша жасалатын үлгі шартты Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы бекітеді.

Осы Тәртіптің 2-1 және 2-2, 2-3-тармақтарында көрсетілген ақылы білім беру қызметтерін көрсету білім алушыларға бастауыш және жоғары кәсіптік мемлекеттік білім мекемелері мен кәмелетке толған азаматтар немесе заңды тұлғалар арасында жасалатын шарт негізінде де ұсынылады. <*>

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.08.15. N 905 , 2003.02.24. N 190 қаулыларымен.

6. Білім алушының және (немесе) тәрбиеленушінің ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің ақылы білім беру қызмет көрсетулерін алудан бас тартуы Білім алушыны және (немесе) тәрбиеленушіні басқа сыныпқа (топқа) немесе мектепке (мекемеге) ауыстыру не шығару үшін негіз болып табылмайды.

Бұл ереже кәсіптік бастауыш және кәсіптік жоғары мемлекеттік білім мекемелері ұсынатын осы Тәртіптің 2-1 және 2-2, 2-3-тармақтарында көрсетілген қызметтер көрсетуге қолданылмайды.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.08.15. N 905 , 2003.02.24. N 190 қаулыларымен.

7. Оқушылардың және (немесе) тәрбиеленушілердің ата-анасынан немесе өзге де заңды өкілдерінен ақылы білім беру қызметтерін көрсеткені үшін ақша алу тараптардың қол жеткізілген уағдаластығының негізінде тіркеу жады бар бақылау-касса машиналарын міндетті түрде қолдана отырып, кассалық кіріс ордерлерінің негізінде жүргізіледі.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.08.15. N 905 қаулысымен.

8. Ақылы білім беру қызметтерін көрсету туралы жазбаша шарт жасалған жағдайда заңдарда белгіленген талаптардан басқа, шарт міндетті түрде пәндердің және (немесе) сабақтардың атауы, олардың көлемі, қызмет көрсетудің құны, тараптардың жауапкершілігі туралы деректерді қамтуы тиіс.

9. Ақылы білім беру қызмет көрсетулерінің құнын тараптар қосымша сабақтардың мазмұны мен сапасы, сағаттардың саны, педагогикалық қызметкерлердің біліктілігі, еңбекке ақы төлеу мен Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қызметкерлерінің тиісті санаттары үшін қосымша ақының ставкалары бойынша есептерден айқындайды.

2. Ақылы білім беру қызметтерін көрсетуден түсетін қаражатты пайдаланудың тәртібі

10. Мемлекеттік білім беру мекемелері ақылы білім беру қызмет көрсетулерін іске асырудан алатын қаражат Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен қаржылық, материалдық және валюталық түсімдерді пайдаланудың тәртібінде айқындалған мақсаттарға бағытталады.

11. Ақылы білім беру қызметтерін көрсетуден түсетін қаражатқа салық салудың тәртібі Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарымен реттеледі.